

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдік карантині жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 сәуір N 476. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1266 қаулысымен. ~P991266

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 P990206_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Өсімдік карантині жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған актілерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөнінде заңдарда белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
26 сәуірдегі
N 476 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Өсімдік карантині жөніндегі комитеті туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ өсімдік карантині саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен. P991093_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банкте шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Комитетке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен бұйрықтар шығарады, олардың Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093
қаулысымен. P991093_

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

Астана қаласы, Пушкин көшесі, 166.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік карантині жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10 Комитеттің негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының аумағын шет елдерден немесе республиканың карантиндік аймақтарынан карантиндік объектілердің әкелінуінен немесе өздігінен енуінен қорғау;

2) карантиндік объектілерді анықтау, шектеу және жою, сондай-ақ олардың Республиканың карантиндік объектілер жоқ аймақтарына енуінің алдын алу;

3) өсімдіктер карантині саласындағы заңдар мен белгіленген ережелердің сақталуына және республиканың аумағында өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралардың орындалуына мемлекеттік бақылау жүргізу болып табылады:

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыретіне сәйкес карантиндік зиянкестерге қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың көлемін, қалыптасып отырған карантиндік жағдайды және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды ескере отырып, фумигация және залалсыздандыру құралдарына қажеттілікті және оларды пайдаланудың тәртібін белгілейді;

2) республикалық бюджеттің есебінен жүргізілетін карантиндік іс-шараларды жүргізуге арналған қаржының мөлшері туралы, осы қаражатты карантиндік ахуалға қарай бөлу туралы ұсыныстар енгізеді және олардың мақсатқа сай пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

3) өсімдік карантині саласында заң және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады;

4) басқа мемлекеттерден әкелінетін карантиндік өнімге, сондай-ақ республиканың аумағы арқылы транзитпен өтетін карантиндік жүктерге импорттық карантиндік рұқсаттамалар береді;

5) карантинге жататын өнімге фитосанитарлық сертификаттар береді;

6) карантинге жататын өнімді, көлік құралдарын карантиндік қарау, лабораториялық сараптама және тексеру жүргізеді;

7) импорттық және басқа да карантинделетін өнімдерді, көлік құралдарын, қойма және басқа да үй-жайларын залалсыздандыруды ұйымдастырады және

жүргізеді;

8) республикадағы карантиндік объектілердің таралуының есебін жүргізеді және мүдделі тұлғаларға ақпарат береді;

9) Комитеттің интродукциялық-карантиндік питомниктерінде карантинделетін импорттық өнімдерге тексеру жүргізіледі және карантинделетін материалды карантиндік тексеруді жүзеге асыратын басқа да интродукциялық-карантиндік питомниктердің, сорт учаскелерінің, оранжереялардың қызметін бақылайды;

10) өсімдік карантині саласындағы халықаралық шарттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

11) өз құзыретінің мәселелері бойынша шекара кеден құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

12) өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдарда республиканың өсімдік карантині мәселелері жөніндегі мүдделерін білдіреді;

13) өсімдік карантині бойынша мемлекеттік іс-шаралардың жүйесін әзірлейді және ұйымдастырады, оның ішінде карантиндік объектілердің енуі мен таралуының алдын алу жөніндегі мақсатты бағдарламаларды әзірлейді, өз құзыретінің шегінде меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың оларды орындауын бақылайды;

14) өсімдік карантині бойынша бақылау объектілеріне бақылау жүргізеді;

15) ғылыми-зерттеу ұйымдарымен бірлесіп, халықаралық нормалар мен ұсынымдарға және оларды меншік нысандарына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың орындауын бақылауды жүзеге асыруға негізделген карантиндік іс-шараларды әзірлейді;

16) жеке және заңды тұлғалардың өсімдік карантині жөніндегі заңдарды сақтауын бақылайды;

17) өсімдік карантині саласындағы ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені насихаттауды және енгізуді ұйымдастырады;

18) өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторларды даярлау мен қайта даярлау жөніндегі негізгі бағыттарын айқындайды және бағдарламаларды қалыптастырады;

19) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндеттерін іске асыруы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) заңдардың нормаларының орындалуын және Өсімдік карантині жөніндегі ереженің сақталуын тексеру мақсатында меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарға кедергісіз кіруге және тексерістер жүргізуге, өз өкілеттіктерін жүзеге асыру үшін қажетті ақпарат алуға;

2) жергілікті өкілді және атқарушы органдармен және жергілікті өзін-өзі

басқару органдарымен бірлесіп теңіз және өзен порттары (пристаньдары), темір жол станциялары, әуежайлар, почта байланысы кәсіпорындары, базарлар, автовокзалдар (автостанциялар) және өзге де объектілер иелерінің немесе уәкілетті органдарының карантиндік іс-шараларды жүргізуін бақылауды жүзеге асыруға;

3) лабораториялық сараптама жүргізу үшін карантиндік өнімдердің үлгілерін алуға;

4) жеке және заңды тұлғаларға карантиндік объектілер ошақтарында және көлікте қажетті іс-шаралар жүргізу туралы талап қоюға;

5) карантиндік жүктер мен объектілерді олар фитосанитарлық (карантиндік) сертификатсыз тасымалданған немесе импорттық карантиндік рұқсатсыз шетелден әкелінген кезде фитосанитарлық сараптама жүргізу кезеңіне тоқтата тұруға;

6) өсімдік карантині жөніндегі заңдардың бұзылуына жол берген лауазымды адамдар мен азаматтарды әкімшілік жауапқа тартуға;

7) өз құзыретінің шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар жасауға;

8) өсімдік карантині жөніндегі ережелерді бұзушылық жойылғанға дейін жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметін тоқтата тұруға, оның ішінде карантиндік объектілермен зақымданған карантинделетін материалдарды тиеу мен түсіруге тыйым салуға;

9) заңдарға сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

Комитетке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен

босататын орынбасары болады.

Комитет төрағасы лауазымы бойынша сонымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы, оның орынбасары - Қазақстан Республикасы Өсімдік карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасары болып табылады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Комитеттің төрағасы осы мақсатта:

1) өз орынбасарының, Комитеттің басқа да қызметкерлерінің

міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

5) құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді бекітеді;

6) қолданылып жүрген заңдарға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитетті білдіреді;

7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Комитеттің өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдері барлық ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың орындауы үшін міндетті.

20. Өсімдіктердің карантині саласындағы мәселелердің негізгі бағыттарын және даму тұжырымдамаларын қарау үшін Комитеттің жанынан ғалымдардың, жоғары білікті мамандардың, сондай-ақ өзге де адамдардың қатарынан Ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңестің құрамы мен ол туралы ережені Комитеттің төрағасы бекітеді.

21. Комитеттің бірыңғай жүйесіне мыналар кіреді:

Республикалық карантиндік лаборатория;

Республикалық интродукциялық-карантиндік питомник;

Өсімдік карантині жөніндегі Ақмола облыстық мемлекеттік инспекциясы Астана қаласындағы филиалымен;

Өсімдік карантині жөніндегі Ақтөбе шекаралық мемлекеттік инспекциясы;

Өсімдік карантині жөніндегі Алматы шекаралық мемлекеттік инспекциясы Талдықорған қаласындағы филиалымен;

Өсімдік карантині жөніндегі Алматы қалалық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Атырау шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Шығыс Қазақстан шекаралық мемлекеттік инспекциясы Семей қаласындағы филиалымен;
Өсімдік карантині жөніндегі Жамбыл шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Батыс Қазақстан шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Қарағанды облыстық мемлекеттік инспекциясы Жезқазған қаласындағы филиалымен;
Өсімдік карантині жөніндегі Қызылорда шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Қостанай шекаралық мемлекеттік инспекциясы, Арқалық қаласындағы филиалымен;
Өсімдік карантині жөніндегі Маңғыстау шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Павлодар шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
Өсімдік карантині жөніндегі Солтүстік Қазақстан шекаралық мемлекеттік инспекциясы, Көкшетау қаласындағы филиалымен;
Өсімдік карантині жөніндегі Оңтүстік Қазақстан шекаралық мемлекеттік инспекциясы;
өсімдік карантині жөніндегі шекаралық, облыстық, қалалық мемлекеттік инспекциялардың құрамына кіретін өсімдік карантині жөніндегі шекаралық постылар (ӨКШП).

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

22. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
26 сәуірдегі

№ 476 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Өсімдік карантині жөніндегі комитетінің
Құрылымы

Басшылық

Карантиндік бақылау бөлімі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
26 сәуірдегі
№ 476 қаулысымен
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
Тізбесі

1. "ССРО мемагроөнеркәсібінің Қазақ ССР бойынша Өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Өсімдік карантині жөніндегі Бас мемлекеттік инспекция етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., N 32, 497-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысының 5 тармағын ішінара өзгерту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 29 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 2, 22-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 10 шілдедегі N 1093 P971093_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 31, 285-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 13 тамыздағы N 676 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы N 5 мамырдағы N 708 P970708_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 18, 161-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне

өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 505 P970505_

қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 15, 121-құжат).

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК